

Сақтандыру рыногының ағымдағы жағдайы (2005 жылғы 1 сәуірге)

Сақтандыру сыйлықақылары


Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі 17 686,4 теңге құрайды, бұл 2004 жылдың осындай кезеңінде жиналған көлемнен 54,8%-ке көп.

Сақтандыру сыйлықақыларының түсімі

млн.теңге

Сақтандыру сыйлықақыларының түсімі	01.04.2004ж.	01.04.2005ж.		1.04.2004ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-пен
		Сомасы	Үлесі, %	
Барлығы, оның ішінде:	11 427,5	17 686,4	100,0	54,8
Міндетті сақтандыру бойынша	1 534,4	1 832,5	10,4	19,4
Ерікті жеке сақтандыру бойынша	969,8	1 426,0	8,1	47,0
Ерікті мүлдітік сақтандыру бойынша	8 923,3	14 427,9	81,5	61,7

Кестені қарағанда 2005 жылғы 1 сәуірде міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың дәл сол көрсеткішінен 19,4%-ке өскені көрінеді. Ерікті жеке сақтандыру бойынша ұлғаю - 47,0%, ерікті мүлдітік сақтандыру бойынша - 61,7% болды.



2005 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсу құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандырудағы көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсімі - 85,4% (1 565,1 млн. теңге) болып келеді.

ерікті жеке сақтандырудағы сақтандыру сыйлықақылары түсімінің - 47,0% (670,0 млн. теңге) жазатайым жағдайдан және аурулардан сақтандыру бойынша, 36,2% (515,6 млн. теңге) - медициналық сақтандыру бойынша, 15,5% (221,1 млн. теңге) - өмірді сақтандыру бойынша болып келеді.

ерікті мүліктік сақтандырудағы сақтандыру сыйлықақылары түсімінің - 41,1% (5 934,1 млн. теңге) мүлікті сақтандыру бойынша, зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша 35,1% (5 063,5 млн. теңге) және кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру бойынша 7,6% (1 091,5 млн. теңге).

Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі былайша көрініс алады:

Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түскен түсімдері	1.04.04.		1.04.05.		1.04.2004ж. салыстырғандағы өзгеріс., %-пен
	Сомасы	Үлесі, %	Сомасы	Үлесі, %	
Сақтандыру салалары бойынша барлығы	11 427,5	100	17 686,4	100	54,8
Өмірді сақтандыру	114,7	1,0	222,8	1,3	94,2
Жалпы сақтандыру	11 312,8	99,0	17 463,6	98,7	54,4

"Өмірді сақтандыру" саласы. 2005 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша «өмірді сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 222,8 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың дәл осы күнімен салыстырғанда 94,2% - ке көп. «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша есепті күнге жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 2004 жылғы 1 сәуірдегі 1,3% -ке қарсы 1,0 %-ті құрап отыр.

"Жалпы сақтандыру" саласы. "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2005 жылдың бірінші тоқсанында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 17 463,6 млн. теңге болды, бұл 2004 жылдың ұқсас кезеңінен 54,4% -ке артық. "Жалпы сақтандыру" саласында негізгі үлес алатын сақтандыру сыныптары арасында мыналарды айтуға болады:

"мүлікті сақтандыру" сыныбы –34,0% (5 934,1 млн. теңге);

"зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру" сыныбы–29,0% (5 063,5 млн. теңге);

"көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру" сыныбы – 9,0% (1 565,1 млн. теңге);

"кәсіпкерлік тәуекел" сыныбы – 6,3% (1 091,5 млн. теңге).

2005 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша, өткен есепті күндермен салыстырғанда, үлесіне жиынтық сақтандыру сыйлықақыларының 69,9%-і келетін сақтандыру сыйлықақыларын жинау бойынша негізгі 5 сақтандыру компаниялары-көшбасшыларының арасында бірқатар өзгерістер байқалды. Олардың ішінде: "Еуразия" СК" АҚ-ы -31,4 %, "ЭйАйДжи Қазақстан" ЖАҚ-ы –15,9%, "Қазахинстрах" КИС АҚ – 9,6%, "Лондон-Алматы" СК" СП АҚ –ы –7,1%, "Казкоммерц - Полис" СК" ААҚ-ы - 5,9%.

ҚР резидент еместерінің қатысуымен сақтандыру компанияларының 2005 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша жинаған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 28,5% (5 041,9 млн. теңге) болып отыр.

Бір жыл ішінде қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 8 383,4 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтықты көлемінің

47,4% болып отыр. Мұндайда резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 35,7%-і беріліп отыр.

Қайта сақтандыру

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары	1.04.04		1.04.05	
	Сомасы	Жиынтық сыйлықақы үлесі, %-пен	Сомасы	Жиынтық сыйлықақы үлесі, %-пен
Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде	4 360,6	64,4	8 383,4	47,4
Резидент еместерге	4 236,7	62,6	6 316,7	35,7
Резиденттерге	123,9	1,8	2 066,7	11,7

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықақылар – 99,6%. Ерікті жеке сақтандыру бойынша - 0,3%, міндетті сақтандыру бойынша - 0,1%.

Сақтандыру төлемдері

2005 жылдың бірінші тоқсанында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 63,8%-ке арта отырып, 2 490,8 млн. теңге болды. Сонымен бірге қайта сақтандыру ұйымдары қайта сақтандыру есебінен өтеп отырған сақтандыру төлемдерінің үлесі 15,0% (374,6 млн. теңге) болып отыр.

Сақтандыру төлемдері


Сақтандыру төлемдері	1.04.04ж.	1.04.05ж.		1.04.2005ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-пен
		Сомасы	Үлесі %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	1 520,6	2 490,8	100	63,8
Міндетті сақтандыру бойынша	664,1	818,0	32,8	23,2
Ерікті жеке сақтандыру	294,9	297,7	12,0	0,9
Ерікті мүліктік сақтандыру	561,6	1 375,1	55,2	144,9

1.04.2005 жылғы жағдай бойынша сақтандырудың сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандыруда - көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша төлемдер 99,6% (815,1 млн. теңге) болды;

ерікті жеке сақтандыруда - сақтандыру төлемдерінің 82,8% (246,6 млн. теңге) медициналық сақтандыру төлемдеріне келеді, және 8,4% (25,0 млн. теңге) өмірді сақтандыру бойынша және 7,8% (23,3 млн. теңге) жазатайым жағдайдан және аурулардан сақтандыру бойынша келеді;

ерікті мүліктік сақтандыруда - сақтандыру төлемдерінің 45,6% (626,8 млн. теңге) кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру бойынша, 22,6% (310,7 млн. теңге) автомобиль көлігін сақтандыру бойынша, 14,0 % (192,5 млн. теңге) - жүктерді сақтандыру сақтандыру бойынша келеді.



2005 жылдың бірінші тоқсанында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы бойынша сақтандыру төлемдерінің мейлінше көп көлемі көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру сыныбы бойынша сақталып, төлемдердің жиынтық сомасының 32,7%-і болды. Сақтандырудың осы сыныбы бойынша (сақтандыру төлемдерінің сақтандыру сыйлықақыларына ара-қатынасы) шығын коэффициенті 2004 жылғы 1 сәуірдегі 46,2%-ке қарсы, 52,1%-ті құрады. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша шығын өсімінің үрдісі сақталуда. Бұл міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының мөлшері “Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы” ҚР Заңында белгіленген мөлшерден аспайтындығымен негізделген.

Кері көрініс ерікті жеке сақтандыру сыныптары бойынша байқалады. Сақтандырудың осы сыныбы бойынша шығын коэффициенті өткен жылғы 20,9%-ке қарсы, тиісінше 30,4% болды, бұл сақтандырудың осы сыныбы бойынша сақтандыру төлемдерінің өсуімен салыстырғанда сақтандыру сыйлықақысының жоғары өсімін білдіреді. Ерікті мүлктік сақтандыру бойынша шығын коэффициенті ұлғайды және 2004 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 9,5%-ке қарсы 6,3% болды.

Жалпы алғанда есепті күнге шығын коэффициенті 14,1% болды.

Шығын коэффициенті

Сақтандыру қызметінің түрлері	Шығын коэффициенті, %-пен	
	1.04.04.	1.04.05.
Барлығы, оның ішінде:	13,3	14,1
Міндетті сақтандыру бойынша	43,3	44,6
Ерікті жеке сақтандыру бойынша	30,4	20,9
Ерікті мүлктік сақтандыру бойынша	6,3	9,5

Сақтандыру рыногы жөнінде жалпы мәліметтер

2005 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасындағы сақтандыру нарығында 36 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 2- өмірді сақтандыру бойынша, 6 - Қазақстан Республикасының резидент еместерінің қатысуымен), 8

сақтандыру брокері, 28 актуарии және сақтандыру ұйымдарының аудитін жүргізуге лицензиялары бар 34 аудиторлық ұйым лицензиялық қызметті жүзеге асырды.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы	01.04.04.	01.04.05.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде	34	36
Резидент еместердің қатысуымен	6	6
өмірді сақтандыру бойынша	2	2
Сақтандыру брокерлерінің саны	6	8
Актуариилер саны	30	28
Сақтандыру ұйымында аудит жүргізу құқығына лицензиясы бар аудиторлық ұйымдардың саны	34	34

31 сақтандыру ұйымы есепті күнге “Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры” АҚ-ның қатысушылары болып табылады.

Капитал. 2005 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының есепті меншікті капиталының мөлшері 25 498,2 млн. теңге болды, бұл өткен ұқсас жылмен салыстырғанда 57,4%-ке (16 204,7 млн. теңге) көп болды.

2005 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 3 сақтандыру ұйымы меншікті капиталдың жеткіліктілігінің пруденциалды нормативтерін орындамады.

Қаржы көрсеткіштері	1.04.2004.	1.04.2005.	млн. теңге
			1.04.2004 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-пен
Жиынтық активтер	31 772,6	49 258,2	55,0
Міндеттемелер	10 116,6	17 969,4	77,6
оның ішінде таза сақтандыру резервтері	7 167,1	12 048,9	68,1
Басқа да міндеттемелер	2 949,5	5 920,5	100,7
Меншікті капитал (баланс бойынша)	21 656,0	31 288,8	44,5

Есепті күнге «жалпы сақтандыру» саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы резидент еместерінің қатысуымен сақтандыру ұйымдарының жиынтық төленген жарғылық капиталы «жалпы сақтандыру» саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының сақтандыру ұйымдарының жиынтық төленген жарғылық капиталының 9,9%-і болды. «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы резидент еместерінің қатысуымен сақтандыру ұйымдарының жиынтық төленген жарғылық капиталы «жалпы сақтандыру» және «өмірді сақтандыру» саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының сақтандыру ұйымдарының жиынтық төленген жарғылық капиталының 1,0%-ін құрайды.

Активтер. Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2005 жылғы 1 сәуірге 49 258,2 млн. теңге болды, бұл 2004 жылғы 1 сәуірдегі ұқсас көрсеткіштен 55,0%-ке көп, оның ішінде:

Активтер	млн. теңге				
	1.04.2004.		1.04.2005.		1.04.2004ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-пен
	Сомасы	үлесі,%	Сомасы	үлесі,%	

Ақша	1 372,8	4,3	1 522,2	3,1	10,9
Орналасырылған салымдар	4 061,0	12,8	8 018,3	16,3	97,4
Бағалы қағаздар	17 999,9	56,7	27 284,7	55,4	51,6
Сақтанушыдан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	3 368,0	10,6	5 373,0	10,9	59,5
Негізгі құрал-жабдықтар	1 868,9	5,9	1 958,6	4,0	4,8
Материалдық емес активтер	39,6	0,1	67,4	0,1	70,2
Басқа дебиторлық берешек	1 661,6	5,2	1 220,7	2,5	-26,5
Басқа активтер	1 400,8	4,4	3 813,3	7,7	172,2
Активтер жиынтығы	31 772,6	100,0	49 258,2	100,0	55,0

Жалпы алғанда 2005 жылдың бірінші тоқсанында сақтандыру ұйымдары активтерінің сомасы 11,7%-ке (5 163,5 млн. теңгеге) ұлғайды.

Міндеттемелер. 2005 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының міндеттемелер сомасы өткен ұқсас жылмен салыстырғанда 77,6%-ке өсе отырып, 17 969,4 млн. теңге болды.

Есепті күнге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қолданылып жүрген сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша (қайта сақтандырушының үлесін шегере отырып) қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін құрылған сақтандыру резервтерінің көлемі 12 048,9 млн. теңге болды, бұл 2004 жылдың 1 сәуірінде қалыптасқан резервтер көлемінен 68,1%-ке артық. Қайта сақтандырушының сақтандыру резервтеріндегі есепті күндегі үлесі 10 025,3 млн. теңге болды.

Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері

	01.04.2005ж.	01.04.2005ж.
ЖІӨ, млрд. теңге	4 449,8	6 397,0 ¹
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-пен	0,26	0,282
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-пен	0,49	0,49
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-пен	0,71	0,77
Сақтандыру сыйлықақыларының жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен	764	1 179

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.

¹ - 2005 жылға болжамды деректер

2 - 2005 жылдың қаңтар-наурыз айларында алынған сақтандыру сыйлықақылары